ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ - ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

HOCA AHMET YESEVI ULUSLARARASI TURK - KAZAK UNIVERSITESI



# Тақырыбы:Созылмалы науқасқа арналған мектептің жұмысы және оны ұйымдастыру

Орындаған: Пернебеков Иман,
Мамадалиев Айбек
Қабылдаған:Жолдас Клара
Тобы: ЖМ–110

Түркістан 2012 жыл

***Жоспары:***

***I. Кіріспе***

***II. Негізгі бөлім***

1.Науқасқа жәрдемдесу дәрігердің парызы

2.Ауруды алдын – алу түрлері

3.Дәрігердің науқасқа пайдалы кеңестер беру

4. Ұйымдастыру жұмыстары

***III. Қорытынды***

***IV. Пайдаланылған әдебиеттер***



# *I. Кіріспе*

- Қазіргі таңда созылмалы ауру түрлері көптеп кездеседі,ол аурудың қалай келуі және қайдан келгенін анықтау үшін біз медициналақ сараптамаларды толықтай жақсы зерттеуіміз қажет.Жалпы науқастардың ауруларын анықтаған соң барып ол ауруды қай түрге жатқызатынымызды біліп алып, науқастың өзімен немесе оның отбасы мен консультация жасау бүкіл дәрігерлердің міндеті болып табылады.Коммуникативті дағды сабағының бірден-бір мақсаты осы болып келеді.

# *II. Негізгі бөлім*

# Кім бұл???



# 1.Науқасқа жәрдемдесу дәрігердің парызы

Әрбір науқас қуанышқа жетуге, ауруынан айығуға ұмтылады. Оған жетудің сенімді жолы - ойлау жүйесін бақылай білу. Ол сыртқы факторлар мен жағдайларға да байланысты,әрі қасында жүрген адамдардың да қарым-қатынасына да байланысты.
Науқас адамдарға көңіл бөлу - бүкіл дәрігерге ортақ парыз. Өз қызметін дамыту үшін әр дәрігер өзінің түрлі қасиеттері мен қылықтарын талдай алатын, қоғам мен ұжым қоятын талаптарды ескере отырып, бұларға сын көзбен қарай алатындай қабілетке ие болуы тиіс. Кім жақын адамдарына бақыт әкелгісі келсе немесе еңбекте табысқа жеткісі келсе, сол адам өз бетімен өзін-өзі тәрбиелеу жолында еңбегін сарп еткені жөн.



- Өз қызметін дамыту үшін әр дәрігер өзінің түрлі қасиеттері мен қылықтарын талдай алатын, қоғам мен ұжым қоятын талаптарды ескере отырып, бұларға сын көзбен қарай алатындай қабілетке ие болуы тиіс. Кім жақын адамдарына бақыт әкелгісі келсе немесе еңбекте табысқа жеткісі келсе, сол адам өз бетімен өзін-өзі тәрбиелеу жолында еңбегін сарп еткені жөн.

Ибн Синаның дәрігерлерге төмендегі сөзін айтқан:

«Ақ халатты абзал жан» атанамын деген әрбір дәрігер өз ұстанымы ретінде қабылдаса нұр үстіне нұр болар еді.

Дәрігер қыран құстай қырағы,
Қыз баладай епті,
Жыландай ақылды,
Арыстандай жүректі болуы тиіс

# 2.Ауруды алдын – алу түрлері

Негізі науқас түрлі аурулармен дәрігерге келіп жатады яғни науқастың ауруын наықтамас бұрын оған ең бірінші диагноз қояды.
Диагноз,ауруды анықтау- тексерілетін адамның денсаулық жағдайын ауруын немесе өлімінің себептерін немесе аурулардың атауларын,түрлері мен барысын,нұсқаларын медициналық терминдермен жазып көрсететін медициналық тұжырым болып табылады.
Яғни біз сол медициналық тұжырымға сай ол қандай аурумен келгенін және ол ауруды науқасқа қандай тәсілдер арқылы жеткізетінімізді білуіміз қажет.

# Клиникалық мысал:

**Мерез ауруы**





# “Мерез”-

- Жұқпалы созылмалы ауруы.Ол тек адамда болады да көбінесе жыныстық жақындасу арқылы жұғады.Кейде ос ы аурумен ауырып жүрген адамның пайдаланған ормалы, қасығы,шанышқы,қылдырақ,ерін бояуы, темекі арқылы жұғуы мүмкін. Мерез қан берген адамның қаны,ананың емшек сүті арқылы да жұға береді.Мерез ауруы үш кезеңге бөлінеді.Алғашқы төрт аптадан кейін ғана біліне бастайды

# “Мерез” - ауруы үш кезеңге бөлінеді:

- Алғашқы төрт аптадан кейін ғана біліне бастайды.Бұл кезеңде адам өзінің ауырғанын білмейді,сондықтан тиісті ем жасалмай,ауру асқына береді де,басқаларға жұғады.
- Екінші кезеңі екі-үш ай өткен соң басталады.Бұл кезеңде теріге бөртпе қаптап кетеді,бірақ ол теріні түсірмейді және науқасқа да айтарлықтай әсер етпейді.Еріннің, ауыздың ішкі сілекей қабына ақ таңдақтар түседі.
- Үшінші кезеңінде сырқат организмі мүлдем әлсіреп ми мен жұлын жүйелерінің жұмысы бұзылады,адам сал болып қалады,көзі көрмейді,жүкті әйелдер бала тастайды,жүрек,өкпе,бауыр қызметтері нашарлайды.





# “Мерез” - ауруы көбінесе:

- “Мерез”- ауруы арақ құмар,адамгершілік қағидаларына құлақ аспайтын жүгенсіз,бұзық адамдар арасында жиі кездеседі.Сондықтан, мерезді түбегейлі жою үшін ең алдымен жастарға берілетін тәрбиеге мән беру керек. Мерез жазылмайтын ауру емес, одан айығудың кепілі-шипагерлерге уақытында көрініп жазылғанша үзбей емделуі қажет.

# 3.Дәрігердің науқасқа пайдалы кеңестер беру

- Егер дәрігер қарым-қатынас жасау ережелерін жақсы игеріп, білмесе, ол науқас адаммен тиісті дәрежеде және нәтижелі қатынас жасай алмайды. Осының салдарынан екеуінің арасында түсініспеушілік басталады, ем нәтижесіз болады, дәрігердің беделі түсіп, ауру адам басқа дәрігерлерге баруға мәжбүр болады.
- Науқас адаммен қарым-қатынасы нәтижелі болу үшін дәрігер ерекше жағдай жасауы кажет: бетпе-бет, жеке бөлмеде, тыныштықта кездесуі, толық назар аударып, басқа жұмыспен айналысуы, жайлы қарама - қарсы тиісті кашықтықта отыруы (1-3 метр), телефонмен сөйлеспеуі, сағатқа қарамауы. Сонымен қатар, дәрігердің позасы (денесінің қалпы), жесттері, мимикасы да маңызды болады.


© dpa - Bildarc

# 4. Ұйымдастыру жұмыстары

Ұйымдастыру жұмыстары дәрігерлердің қоршаған ортадағы науқастартардың ауруларынан айықтыру мақсатында түрлі жұмыстар жасайды. Мәселен созылмалы ауруларға қарсы санбюлитеньдер ілінеді және оларды алдын-алу үшін өкімет тарапынан тегін дәрігерлік көмектер мен тегін дәрумендер мен дәрілер беріледі.

# III. Қорытынды

Дәрігердің этикалы-деонтологиялық ұғымдары, өнегелілік бейнесі күнделікті жұмысында науқас адамдармен, әріптестерімен қатынасу арқылы айқындалады. Осы негізде дәрігер мен науқас адамның арасында қажетті сенімділік қарым-қатынас құруы мүмкін болады.

Мұнда дәрігердің тәртібі, жүріс-тұрысы өте маңызды орын алады: әдептілігі, адамды тындай білуі, оның ойын тиісті арнаға бағыттауы, сеніміне кіруі, т.б. Сондықтан, дәрігер мамандығы одан артистік, педагогтік және тәрбиеші болу қасиеттерін талап етеді. Осыған байланысты, дәрігер тәртіп мәдениетін студент кезінен даярлай бастап, өмір бойы дамытып отыру керек. Студенттер әр оқу пәні аркылы психология ережелерін, қоштасу мәдениетін үйреніп, үздіксіз өз-өзін тәрбиелеуі қажет. Қатынасу дәрежесіне ем нәтижесі де тығыз байланысты болады.

# IV. Пайдаланылған әдебиеттер

- 1."Қазақ Энциклопедиясы", 8 том
- 2.О.Д.Дайырбеков, Б.Е.Алтынбеков, Б.К. Торғауытов, У.И.Кенесариев, Т.С. Хайдарова Аурудың алдын алу және сақтандыру бойынша орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Шымкент. “Ғасыр-Ш”, 2005 жыл. ЫСБН 9965-752-06-0

# Көңіл қойып тыңдағандарыңыз үшін рахмет!